



«Келісілді»
«Қазалы ауданы бойынша білім бөлімі»
басшысы Ә.Жолдасқалиев

«31» тамыз 2022 ж



«Бекітілді»
«№78 орта мектебі» КММ
директоры Т.Жүргенова

«31» тамыз 2022 ж

**« №78 орта мектебі» КММ-нің
2022-2023 оқу жылына арналған
оқу жұмыс жоспары**

ТҮСІНІК ХАТ

Кіріспе

«№78 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің оқу жұмыс жоспары «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы, «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (1-4 сыныптар 1-қосымша, 5-9 сыныптар 6-қосымша, 10-11 сыныптар 86 қосымша), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығы мен Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ұсынған «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа ала отырып жоспарланды.

Жалпы мектеп бойынша 11 сынып, 11 сынып комплект және 1 мектепалды даярлық тобы бар. Оқыту тілі қазақша. 1-4 сыныптарда 4 класс комплектісінде 42 оқушы; 5-9 сыныптарда 5 класс комплектісінде 51 оқушы, 10-11 сыныптарда 2 класс комплектісінде 6 оқушы және МАД тобында 12 тәрбиеленуші білім алуда. Мектеп 2 (екі) ауысымда оқиды.

I. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту

Мектепалды даярлық сыныптарына арналған оқу жұмыс жоспары «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген), «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйек №394 бұйрығының 3-қосымшасы негізінде құрылды.

Мектепалды даярлық сыныбы қазақ тілінде оқытылады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына және үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық оқу жүктемесінің көлемі – 20 сағат, қосымша ұйымдастыру жұмыстары үшін 4 сағат, барлығы 24 сағат, ұзақтығы – 25-30 минутты құрайды.

II. Бастауыш білім беру

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 1 қосымшасы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына 1 қосымшасымен 1-4 сыныптарға үлгілік оқу жоспары жасалды.

«Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсының мазмұны 1-4 сыныптарда «Дүниетану» пәнінің шеңберінде 1-3 сыныптарда 6 сағаттан, 4 сыныпта 10 сағат көлемінде іске асырылады.

«Жолда жүру ережелері» оқу курсы 1-4 сыныптарда әр сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттарының есебінен және сабақтан тыс уақытта жүргізіледі.

Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар 4 сағатты құрайды.

1-2 сыныпта математика пәнінен оқушыларды логикалық есептерді шешуге бейімдеу, математикалық сауаттылығын арттыру мақсатында аптасына 1 сағат «Математика және логика» топтық сабағы берілді.

Барлығы 2 сағат.

бұйрығына 86-қосымша «Оқыту казак тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары қолданылды.

Мектепалды даярлық сынып

Бағдарлама балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» бес білім беру саласы және білім беру салаларының мазмұнын кіріктіру арқылы іске асырылады. Білім беру салаларының өзара кірігуі және өзара байланысы балада қоршаған ортаның тұтас бейнесін қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес вариативті компонент енгізілді. Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі **17 сағат, 3 сағат** вариативті компонентке қарастырылған, қосымша **апталық оқу жүктемесі 20 сағат**.

№	Білім беру салалары	Ұйымдастырылған оқу қызметі	Апталық	Жалпы сағат саны
1.	"Денсаулық"	Дене шынықтыру	3	3
2.	"Қатынас"	Сөйлеуді дамыту	1	2
		Тілдік қарым қатынас	1	
		Көркем әдебиет	2	2
		Қазак тілі	2	2
3.	"Таным"	Сауаташу негіздері	3	3
		Математика	3	3
4.	"Шығармашылық"	Сурет салу	1	1
		Мүсіндеу		
		Жапсыру		
		Музыка	2	2
5.	"Әлеумет"	Қоршаған ортамен танысу	2	2
Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы				25-30 мин
Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі				17
Вариативтік компонент*				
1			1	3
2			1	
3			1	
				20
	Қосымша ұйымдастыру жұмыстары үшін			4
	Барлығы			24

Бастауыш білім беру

2022-2023 оқу жылында 1-4 сыныптарға ҚР МЖМБС-2012 жылғы қарашадағы бұйрығына сәйкес жаңартылған білім мазмұны бойынша пәндер оқытылады. Жұмыстық оқу жоспарында 1-4-сыныптарға арналған оқу пәндері инвариантты компонентте 6 білім салаларына бөлінген: «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру». Еліміздің жалпы білім беру ұйымдарының бастауыш мектептерінде оқу процесі ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

«Тіл және әдебиет» білім саласы – «Әліппе, Ана тілі», «Қазақ тілі», «Әдебиеттік оқу», «Орыс тілі», «Ағылшын тілі» пәндерін қамтиды. «Математика» білім саласына – «Математика», «Цифрлық сауаттылық» пәндері, «Жаратылыстану» білім саласына – «Жаратылыстану» пәні, «Адам және қоғам» білім саласына – «Өзін-өзі тану» және «Дүниетану», «Технология және өнер» білім саласына – «Музыка», «Көркем еңбек» пәндері, «Дене шынықтыру» білім саласына – «Дене шынықтыру» пәні кіреді.

2022-2023 оқу жылында бастауыш білім беру деңгейіндегі ерекшеліктердің бірі – 1-сыныпта орыс тілі мен шет тілі пәні оқытылмайды.

«ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығының 14-тармағында бастауыш сыныптағы «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнінің атауы «Цифрлық сауаттылық» болып өзгертілді. Пән мазмұны мен оқу жүктемесі өзгертілген жоқ.

«Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту 2020 жылғы 27 қарашада бекітілген № 496 «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілетін болады (2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына (188-2к қосымша), 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығына (4-қосымша) өзгерістер енгізілді). «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні 1-сыныпта 2022 жылдың 1 қаңтарынан енгізіледі. 2021-2022 оқу жылында 3-сыныпта «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні 2021 жылдың 1 қыркүйегінен оқытылады. «Көркем еңбек» пәні 1 сыныпта екі пәнге бөлінді «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері».

Негізгі орта білім беру

2022-2023 оқу жылында 5-9 сыныптарға ҚР МЖМБС 2021 жылғы 20 тамыздағы №500 бұйрығына 6-қосымшасына сәйкес жаңартылған білім мазмұны бойынша пәндер оқытылады. Жұмыстық оқу жоспарында 5-9 сыныптарға арналған оқу пәндері инвариантты компонентте 6 білім салаларына бөлінген: «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру». «Тіл және әдебиет» білім саласына «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Шетел тілі» (ағылшын тілі) пәндері, «Математика» білім саласына «Математика», «Алгебра», «Геометрия», «Информатика» пәндері, «Жаратылыстану» білім саласына «Жаратылыстану», «География», «Биология», «Физика», «Химия» пәндері кіреді. «Адам және қоғам» білім саласына «Дүние жүзі тарихы», «Қазақстан тарихы», «Өзін-өзі тану» пәндері, «Технология және өнер» білім саласына «Музыка», «Көркем еңбек» пәндері, «Дене шынықтыру» білім саласына «Дене шынықтыру» пәні кіреді.

2022-2023 оқу жылында жалпы білім беретін мектептердің 5-9 сыныптарында 2021-2022 оқу жылында мектептердің дайындығына (кадрлық, ресурстық және т.б.) байланысты вариативтік компонент сағаттарының есебінен «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы таңдауға немесе басқа да элективті курстарды өткізуге болады. Аталған курс білім алушылардың 21

ғасыр дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. «Жаһандық құзіреттіліктер» (аптасына 0,5 сағат) курсына: 5-8 сыныптарда. 9-сыныпта қолданыстағы «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінің бағдарламаларымен (аптасына 1 сағат) оқыту жалғастырылады.

Жалпы орта білім беру

Жаңартылған білім мазмұндағы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартымен оқытын 10, 11-сыныптарда оқу процесі жаңартылған білім мазмұны бойынша ұйымдастырылды.

Мектептің педагогикалық кеңесінің шешімімен 10-сыныпта «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2021 жылғы 20 тамыздағы 86-қосымша «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнының) үлгілік оқу жоспары» таңдалып, жұмыс жоспары құрылды. 10-сыныпта «Жаһандық құзіреттілік» курсынан қолданыстағы бағдарламамен 1 сағат «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» курсы оқытылады.

Жалпы орта білім мазмұны бойынша 11-сыныпта «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы 86-қосымша «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары» №125 бұйрығына 101-қосымша «Оқыту орыс тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары» арқылы оқу жұмыс жоспары құрылды.

Пәндерді таңдау арқылы бейінді білім алушылардың өздері анықтаулары нәтижесінде 10-сыныпта оқушылардың таңдауы арқылы жүргізілген тереңдетілген деңгейдегі физика пәні және «Кәсіпкерлік бизнес» пәндері 11-сыныптың оқу жоспарына енгізілді.

2022-2023 оқу жылына оқыту қазақ тілінде жүргізілетін бастауыш кластарға арналған №78 орта мектептің оқу жұмыс жоспары

сыныптар пәндер	1	2	3	4	1-4	5	6	7	8	9	5-9	10	11	10-11	1-11
Инварианттық компонент															
Тілжәнеәдебиет	6	11	11	11	39	11	11	11	11	11	55	8	8	16	110
1 Әліппе Ана тілі	6				6										6
2 Қазақ тілі		4	4	4	12	3	3	3	2	2	13	1	1	2	27
3 Әдебиеттің оқуы		3	3	3	9										9
4 Әдебиет						2	2	2	3	3	12	2	2	4	16
Орыс тілі		2	2	2	6										6
5 Орыс тілі, әдебиеті						3	3	3	3	3	15	2	2	4	19
6 Ағылшын		2	2	2	6	3	3	3	3	3	15	3	3	6	27
2 Математика және информатика	4.5	5	6	6	21.5	6	6	6	6	6	30	8	8	16	67.5
7 Математика	4	4	5	5	18	5	5				10				28
Цифрлық сауаттылық	0.5	1	1	1	3.5										3.5
8 Алгебра								3	3	3	9	4	4	8	17
9 Геометрия								2	2	2	6	2	2	4	10
10 информатика						1	1	1	1	1	5	2	2	4	9
Жаратылыстану	1	1	2	2	6	2	2	7	8	8	27	8	8	16	49
11 Жаратылыстану	1	1	2	2	6	2	2				4				10
13 География								2	2	2	6	2	2	4	10
14 Биология								2	2	2	6	2	2	4	10
15 Физика								2	2	2	6	2	2	4	10
16 Химия								1	2	2	5	2	2	4	9
Адам және қоғам	1	1	1	1	4	3	3	3	3	4	16	4	4	8	28
дүниетану	1	1	1	1	4										4
17 дүниежүзі тарихы						1	1	1	1	1	5	1	1	2	7
18 қазақстан тарихы						2	2	2	2	2	10	2	2	4	14
19 құқық негіздері										1	1	1	1	2	3
Технология және өнер	3	2	2	2	9	3	3	1	1	1	9				18
22 Көркем өнер	1	1	1	1	4	2	2	1	1	1	7				11
Бейнелеу өнері	1														1
Музыка	1	1	1	1	4	1	1				2				6
23 Денсаулықты қорғау	3	3	3	3	12	3	3	3	3	3	15	3	3	6	33
Денсаулықты қорғау	3	3	3	3	12	3	3	3	3	3	15	3	3	6	33
24 АӘД												1	1	2	2
25 Инварианттық оқу жүктемесі	18.5	23	25	25	91.5	28	28	31	32	33	152	32	32	64	307.5
Вариативтік компонент															
Вариативтік оқу жүктемесі	1	1	1	1	4							1	1	2	6
Жаһандық құзыреттілік ұрпақ						0.5	0.5	0.5	0.5	1	3	1	1	2	5
Элективті курс												1	1	2	2
Математикалық сауаттылық	1	1	1	1	4										4
Дінтану										1	1				1
Кәсіпкерлік бизнес												1	1		2
АӘД												1			1
Физика													1		1
Жыынтығы	19.5	24	26	26	95.5	28.5	28.5	31.5	32.5	34	155	33	33	66	318.5
МАД					24										
Үйден оқыту								10							10
Жыынтық сағат саны	19.5	24	26	26	95.5	28.5	28.5	31.5	32.5	34	155	34	34	68	328.5

Орындаған: *Дүрмеш*
Оқу ісменгерушісі З. Курғашева

Тексерілді:
Қазылауданының білім бөлімінің сектор менгерушісі К. Шамшадинов